

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

"Ұлттық қор - балаларға" бағдарламасы аясында нысаналы жинақтарды қалай пайдалануға болады: қадамдық нұсқаулық және 2024 жылдың 7 айындағы нәтиже

"Ұлттық қор - балаларға" бағдарламасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық кірісінің 50%-ы жылына бір рет 2006 жылы және одан кейін туған Қазақстан Республикасының азаматы болып есептелетін балаларға теңдей етіп бөлінеді. 2024 жылғы ақпан айында 2023 жылдың қорытындысы бойынша барлық балалар үшін БЖЗК-ға алғашқы нысаналы талаптар есептелді. Ал 18 жасқа 2024 жылы толған азаматтардың нысаналы жинақтау шоттарына (НЖШ) нысаналы жинақтар (НЖ) есептелді және төлемдер жүзеге асырыла бастады.

НЖ тұрғын үй жағдайларын жақсарту және/немесе білім алуға ақы төлеу мақсатында пайдалану тәртібі:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 18 қаңтардағы № 16 Қаулысымен,

- *"Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан нысаналы жинақ төлемдерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы"* Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2024 жылғы 26 ақпандағы № 76 бұйрығымен және

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 7 ақпандағы № 51 және Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2024 жылғы 12 ақпандағы № 29 *"Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес білім беру ақысын төлеу мақсатында Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан нысаналы жинақ төлемдерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы"* бірлескен бұйрығымен айқындалған.

Қадамдық әрекеттер алгоритмін былай ұсынуға болады:

- 18 жасқа толған бала (НЖ алушы) не оның заңды өкілі нысаналы жинақтарды enpf.kz сайтындағы, БЖЗК ұялы қосымшасындағы жеке кабинетте немесе egov.kz порталы арқылы өз бетінше тексере алады.
2023 есепті жылы барлық НЖ алушыларына 100,52 АҚШ доллары көлеміндегі сома есептелгенін қосымша мәлімет ретінде хабарлаймыз.
- НЖ алушы (не оның заңды өкілі) НЖ алушының атына АҚШ долларымен банктік шот ашатын **уәкілетті операторға** (УО) интернет-ресурс арқылы НЖ төлемін алуға онлайн-өтініш береді.
- УО төлемге өтінішті қарап, мақұлдағаннан кейін 2 жұмыс күні ішінде БЖЗК-ға төлемге өтініш тіркелгені туралы **электрондық хабарлама** жібереді.

- БЖЗҚ УО-дан электрондық хабарламаны алған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде оған өтініште көрсетілген **НЖ төлемінің сомасын** кейіннен НЖ алушының УО-да ашқан АҚШ долларындағы банк шотына есептеу үшін **аударды** не себебін көрсете отырып, бас тартатындығы туралы хабарлайды.
- НЖ алушысы немесе оның заңды өкілі НЖ сомасы банк шотына түскен күннен бастап 45 жұмыс күні ішінде УО-ға НЖ төлемдерінің нысаналы пайдаланылуын растайтын құжаттарды ұсынады.
- УО НЖ алушы құжаттарды ұсынған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде оларды тексереді және **НЖ төлемдерін** олардың нысаналы мақсаты бойынша **аударды**.
- НЖ алушы (немесе оның заңды өкілі) құжаттарды 45 жұмыс күні ішінде ұсынбаған жағдайда, УО-дағы НЖ төлемінің сомасы БЖЗҚ-ға қайтарылады.

Бағдарламаның шарттарымен танысып, нұсқаулықтар мен өзіңізді қызықтыратын сұрақтарға жауаптарды kids.enpf.kz сайтынан немесе БЖЗҚ ЕНПФ YouTube-арнасынан алуға болады. Сондай-ақ, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасын іске асыру, бала кәметке толғанға дейінгі және одан кейінгі іс-қимыл алгоритмі туралы бейненұсқаулық БЖЗҚ ЕНПФ YouTube-арнасында төмендегі сілтеме бойынша орналастырылғанын ескертеміз:

<https://www.youtube.com/watch?v=HHQNAxfskX8>.

Бағдарламаны іске асырудың 7 айында, яғни 2024 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша "БЖЗҚ" АҚ жалпы сомасы **1,7 млн АҚШ долларына 16 891** өтініш орындады (өтініш берушілердің банктік шоттарына есептеу үшін уәкілетті операторларға аударылды). Оның ішінде **тұрғын үй жағдайларын жақсарту** мақсатында **956,7 мың АҚШ долларына жуық сомаға 9 544** өтініш, **білім беру ақысын төлеу үшін 736,9 мың АҚШ долларына жуық сомаға 7 347** өтініш орындалды. Бұл ретте нысаналы жинақтарды алушы барлық соманы немесе оның бір бөлігін пайдалануға құқылы, пайдаланылмаған соманың қалдығы нысаналы жинақтау шотында (НЖШ) қалады.

Тұрғын үйді жақсартуға арналған қаражатты пайдаланудың ең танымал қосалқы мақсаттары: одан әрі жинақтау үшін тұрғын үй құрылыс жинақ салымындағы ақшасын толықтыру (921,2 мың АҚШ долларына жуық сомаға 9 189 өтініш), азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша меншікке тұрғын үй сатып алу (түпкілікті есеп айырысу) – 11,5 мың АҚШ долларынан астам сомаға 115 өтініш, тұрғын үй сатып алуға ипотекалық тұрғын үй қарызын алу үшін-9,9 мың АҚШ доллары сомасына 99 өтініш орындалды.

Білім беру ақысын төлеу шеңберіндегі ең танымал қосалқы мақсаттар: Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде бір мезгілде (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (590,1 мың АҚШ долларынан астам сомаға 5 884 өтініш орындалды), білім беру жинақтау

салымы туралы шарт бойынша білім беру жинақтау салымын толықтыру (108,2 мың АҚШ долларына жуық сомаға 1 078 өтініш, шетелдік білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде біржолғы (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (30,1 мың АҚШ долларынан астам сомаға 301 өтініш) орындалды.

Нысаналы жинақтарды тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алуға ақы төлеу мақсатында беру туралы уәкілетті операторлар мен өңірлер бөлінісіндегі [толық ақпаратпен enpf.kz](http://enpf.kz) сайтында танысуға болады.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ www.enpf.kz сайтында).